

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ



ЖЕТПІСБАЙ
БЕКБОЛАТҰЛЫ

Алматы 2025



Бекзаатмырза

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ

Жетпісбай
Бекболатұлы

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

Жауапты редактор
Ж. А. Аркенова

Құрастырғандар
А. Ө. Сандыбай
Н. Ө. Самиева

Жетпісбай Бекболатұлы: библиографиялық көрсеткіш /
құраст.: А. Ө. Сандыбай, Н. Ө. Самиева; жауапты ред. Ж. А.
Аркенова. - Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 118 б.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ

АЛЬ-ФАРАБИ

БИБЛИОТЕКА АЛЬ-ФАРАБИ

Жетписбай
Бекболатулы

Библиографический указатель

Алматы
«Қазак университеті»
2025

Ответственный редактор
Ж. А. Аркенова

Составители
А. Ө. Сандыбай
Н. У. Самиева

Жетписбай Бекболатулы: библиографический
указатель / сост.: А. Ө. Сандыбай, Н. У. Самиева; отв. ред.
Ж. А. Аркенова. - Алматы: Қазақ университеті, 2025. –
118 с.

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

LIBRARY AL-FARABI

Zhetpisbay
Bekbolatuly

Biobibliographic index

Almaty
«Kazakh University Press»
2025

Responsible editor
Zh. A. Arekenova

Compilers
A. Sandybai
N. U. Samyeva

Zhetpisbay Bekbolatuly: biobibliographic index / com.: A. Sandybai, N. U. Samyeva, resp. ed. Zh. A. Arekenova. – Almaty: Kazakh University Press, 2025. – 118 p.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиялық сериясының жалғасы болып табылады. Биобиблиография әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының қауымд. профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты Жетпісбай Бекболатұлына арналған.

Көрсеткішке профессор Ж. Бекболатұлының өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген. Жарияланған еңбектер хронологиялық тәртіппен, әр жыл ішінде алфавит бойынша орналастырылған. Әуелі қазақша, одан кейін орысша және басқа тілдерде жарияланған еңбектері берілген.

De visu қаралмаған материалдар жұлдызшамен (*) белгіленген. Оқырмандардың пайдалануына ыңғайлы болуы үшін жұмыстардың реттік санына сілтеме жасалатын бірлескен авторлардың есім көрсеткіші қоса беріліп отыр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель трудов является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби. Биобиблиография посвящена асс. профессору кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби, кандидату экономических наук Жетписбаю Бекболатулы.

Указатель включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность профессора Ж. Бекболатулы, его публикации и литературу о нем. Публикации расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту. Сначала идут работы, опубликованные на казахском, затем на русском и на других языках.

Материалы, не просмотренные *de visu*, отмечены звездочкой (*). Для удобства использования в конце указателя приведен именной указатель соавторов, в котором ссылки даются на порядковые номера работ.

INTRODUCTION

The proposed index is a continuation of a series of bio- bibliography of al-Farabi Kazakh National University scientists. This bio-bibliography is devoted to Associate Professor of the UNESCO Chair in Journalism and Communication, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Dr. Zhetpisbay Bekbolatuly, PhD in Economics.

Index includes materials that reflect the life, work, research, education and public activity of Professor Zh. Bekbolatuly, his publications and literature about him. Bibliography contains a list of education and learning aids, scientific works published in anthologies and periodicals. Publications are listed in chronological order, alphabetically for each year. First there are the papers published in the Kazakh language, then in Russian and other languages.

Materials not considered *de visu* are marked by asterisk. In the co-authors of an Index references are to the numbers work, placed in chronological index of works.

ПРОФЕССОР ЖЕТПІСБАЙ БЕКБОЛАТУЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Жетпісбай Бекболатұлы 1955 жылы 15 қыркүйекте Қостанай (бұрынғы Торғай) облысының Жангелдин ауданында дүниеге келді.

1963-1973 жж. - Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Саға бастауыш, Ақсуат, Ы. Алтынсарин, Ә. Жангелдин атындағы орта мектептерінің оқушысы.

1973-1976 жж. - С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің студенті, Алматы қаласы.

1976-1979 жж. - М. В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті журналистика факультетінің студенті, Москва қаласы.

1979-1980 жж. - «Жазушы» баспасының редакторы, Алматы қаласы.

1980-1981 жж. - Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінің тілшісі, бөлім меңгерушісі, Арқалық қаласы.

1981-1982 жж. - Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі баспасөз және ақпарат бөлімінің II – хатшысы, Алматы қаласы.

1982-1986 жж. - Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ телеграф агенттігінің (ҚазТАГ) аға редакторы, Алматы қаласы.

1986-1988 жж. - «Қазақ энциклопедиясы» баспасының ғылыми редакторы, Алматы қаласы.

1988-1991 жж. - С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы.

1991-1994 жж. - Алматы қалалық әкімдігінің редактор-аудармашысы, бас маманы, Алматы қаласы.

1994-1997 жж. - «Тұранбанк», «ТұранӘлембанк» АҚ баспасөз хатшысы, баспасөз қызметінің жетекшісі, Алматы қаласы.

1994-1999 жж. - Қазақ мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Нарық институтының тыңдаушысы, ізденушісі, Алматы қаласы.

2001 ж. - «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

1997-2002 жж. - Алматы облысы әкімінің баспасөз хатшысы, бас инспекторы, социологиялық зерттеулер және болжау бөлімінің бас маманы. Алматы, Талдықорған қаласы.

2001-2002 жж. - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет академиясының тыңдаушысы, Астана қаласы.

2002-2003 жж. - Қазақстан Республикасы Ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрлігінің БАҚ Департаменті директорының орынбасары, Астана қ.; Алматы қалалық ақпарат басқармасының бастығы, Алматы қаласы.

2003-2005 жж. - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі Агенттігінің баспасөз хатшысы, Алматы қаласы.

2005-2009 жж. - «Қазақстан электронды энциклопедиясы» және «Сөзкөмек» электронды аудармашысы жобаларының үйлестірушісі, Алматы қаласы.

2010 ж. - «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

2009-2014 жж. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті ЮНЕКСО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті, профессоры, Алматы қаласы.

2012-2013 жж. - А. Мицкевич атындағы университеттегі бір жылдық ғылыми тағылымдама, Познань қаласы, Польша Республикасы.

2014–2018 жж. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі, профессоры, Алматы қаласы.

2018 ж.-қазіргі уақытқа дейін - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті ЮНЕКСО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының қауымд. профессоры, Алматы қаласы.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ, НАУЧНО- ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА ЖЕТПИСБАЙ БЕКБОЛАТУЛЫ

Жетписбай Бекболатулы родился 15 сентября 1955 г. в Джангельдинском районе Костанайской (бывшей Торгайской) области.

1963-1973 гг. - Ученик начальной школы Сага, Аксуатской, им. И. Алтынсарина, А. Джангельдина Джангельдинского района Костанайской (бывшей Торгайской) области.

1973-1976 гг. - Студент факультета журналистики Казахского государственного университета им. С. М. Кирова, г. Алматы.

1976-1979 гг. - Студент Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова, г. Москва.

1979-1980 гг. - Редактор издательства «Жазушы» Госкомиздата КазССР, г. Алматы.

1980-1981 гг. - Корреспондент, заведующий отделом Торгайской областной газеты «Торгай таңы», г. Аркалык.

1981-1982 гг. - II-секретарь Отдела печати и информации Министерства иностранных дел Казахской ССР, г. Алматы.

1982-1986 гг. - Старший редактор Казахского информационного агентства при Совете министров Казахской ССР (КазТАГ), г. Алматы.

1986-1988 гг. - Научный редактор издательства «Қазақ энциклопедиясы», г. Алматы.

1988-1991 гг. - Старший преподаватель факультета журналистики Казахского гос. университета им. С. М. Кирова, г. Алматы.

1991-1994 гг. - Редактор-переводчик, главный специалист Алматинской городской администрации, г. Алматы.

1994-1997 гг. - Пресс-секретарь, руководитель пресс-службы АО «Туранбанк», «БанкТуранАлем», г. Алматы.

1994-1999 гг. - Слушатель, соискатель Института рынка при Казахской государственной академии управления, г. Алматы.

2000 г. - Награжден юбилейной медалью «10 лет независимости Республики Казахстан».

1997-2002 гг. - Пресс-секретарь, главный инспектор Акимата Алматинской области, главный специалист отдела социологических

исследований и прогнозирования аппарата Акима Алматинской области, г. Алматы, Талдыкорган.

2001-2002 гг. - Слушатель Академии государственной службы при Президенте Республики Казахстан, г. Астана.

2002-2003 гг. - Заместитель директора Департамента СМИ Министерства информации, культуры и общественного согласия Республики Казахстан, г. Астана.; Начальник управления информации города Алматы, г. Алматы.

2003-2005 гг. - Пресс-секретарь Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций, г. Алматы.

2005-2009 гг. - Координатор проектов «Электронная энциклопедия Казахстана» и электронного переводчика «Сөзкөмек» г. Алматы.

2010 г. - Награжден знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан».

2009-2014 гг. - Доцент, и.о. профессора кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и связей с общественностью факультета журналистики Казахского национального университета им. аль-Фараби.

2012-2013 гг. - Годичная научная стажировка в университете им. А. Мицкевича, г. Познань, Республика Польша.

2014-2018 гг. - Заведующий кафедрой издательского дела и дизайна факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби, профессор.

2024 г. - Награжден Почетной медалью «Vene Merito» МИД Республики Польша.

2018 г. – по настоящее время – асс. профессор кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазНУ им. аль-Фараби.

THE MAIN DATES OF LIFE AND SCIENTIFIC- PEDAGOGICAL AND SOCIAL ACTIVITY OF THE PROFESSOR ZHETPISBAY BEKBOLATULY

Zhetpisbay Bekbolatuly was born on 15 th of September in 1955 in Dzhangeldin arera of Kostanay (former Torgay) region.

In 1963-1973 he was a pupil of elementary school in Saga (Aksyat); secondary schools named after named after Y. Altynsarin, A. Dzhangeldin, in Dzhangeldin region of Kostanay (former Torgay) oblast.

In 1973-1976 he was a Student of faculty of Journalism of S.M. Kirov Kazakh State University, Almaty

In 1976-1979 he was a student of faculty of Journalism of M. V. Lomonosov Moscow State University, Moscow

In 1979-1980 he was an Editor of the translation publishing house (from Kazakh into Russian or vice versa) «Zhazushy» of State Committee on the Press of the Kazakh SSR, Almaty

In 1980-1981 he was a correspondent, Head of the department of the regional newspaper «Torgay Tany» in Arkalyk.

In 1981-1982 he was a second secretary of the Press and Information Department of the Ministry of Foreign Affairs of the Kazakh SSR, Almaty.

In 1982-1986 he was a senior editor of the Central publishing house of National and Foreign information agencies under the Information Council of Ministers of the Kazakh SSR (KazTAG), Almaty.

In 1986-1988 he was a scientific editor of the publishing house «Kazakh Encyclopedia», Almaty.

In 1988-1991 he was a senior lecturer of the Faculty of Journalism of S. M. Kirov Kazakh State University, Almaty.

In 1991-1994 he was an editor-translator, a chief specialist of Almaty city administration, Almaty.

In 1994-1997 he was a press secretary, a head of the press service of JSC «Turanbank», «Bank TuranAlem», Almaty

In 1994-1999 he was a student, an applicant at the Market Institute under Kazakh State Academy of Management, Almaty.

In 2000 he was Awarded the Jubilee Medal «10 years of Independence of the Republic of Kazakhstan».

In 1997-2002 he was a press secretary, a chief inspector of Almaty region Akim, a chief specialist of the department of Social Research and Forecasting apparatus of Almaty region Akim, Almaty, Taldykorgan

In 2001-2002 he was a student of Public Administration Academy under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana.

In 2002-2003 he was a Deputy director of Mass Media department of the Ministry of Information, Culture and Public Consent of the Republic of Kazakhstan, Astana; Head of Information department of Almaty, Almaty.

In 2003-2005 he was a press secretary of Agency of the Republic of Kazakhstan on Regulation and Supervision of Financial Market and Financial Organizations, Almaty.

In 2005-2009 he was a Project Manager of the projects on the development of the Kazakh language Portal, e-Kazakh-Russian translator «Sozkomek» and Kazakhstani e-encyclopedia, Almaty.

In 2010 he was Awarded a breastplate «The Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan».

In 2009-2014 he was A Docent, Professor of the UNESCO Chair, Professor of international journalism and public affairs of faculty of Journalism of Kazakh National University after Al-Farabi, Almaty.

In 2014 –2018 he was a Head of publishing and design department of the Faculty of Journalism of Kazakh National University after Al-Farabi, professor.

In 2024 – he was Awarded the Honorary Medal «Bene Merito» of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Poland.

In 2018 – till present time – Associate Professor at the UNESCO Chair in Journalism and Communication, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University.

ПРОФЕССОР ЖЕТПІСБАЙ БЕКБОЛАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Жетпісбай Бекболатұлы 1955 жылы 15 қыркүйекте Қостанай (бұрынғы Торғай) облысының Жангелдин ауданында дүниеге келді.

1963 жылы Ж. Бекболатұлы Саға бастауыш мектебіне оқуға барды, бір кездері мұнда қазақ халқының рухани көсемі, ағартушы ақын Міржақып Дулатов, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің 1953-1955, 1961-1970 жж. ректоры, М. В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің 1937 жылғы түлегі, профессор Асқар Закарин, әлемге әйгілі физик, академик Фазылхан Бәйімбетов, опера әншісі, Қазақ КСР халық әртісі Абай Байтоғаев сауат ашқан болатын. Аса көрнекті әскербасы, ағартушы Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы ХҮІІІ ғасырдың бас кезінде Бұхарадан медресе түлектерін шақырып, бұл жерде, сондай-ақ Тосын ауылында алғашқы бастауыш мұсылманша мектеп ашып, Торғай өңіріндегі халық ағарту ісінің негізін қалаған еді.

1973 жылы Ж. Бекболатұлы А. Жангелдин атындағы орта мектепті алтын медальмен бітіріп, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсті. 1976 жылы М. В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауысып, оны 1979 жылы ойдағыдай бітірді. Әдеби сын кафедрасындағы оның диплом жұмысының жетекшісі посткеңестік Ресейдегі демократиялық қозғалыс көшбасшыларының бірі, тамаша әдебиеттанушы Валентин Дмитриевич Оскоцкий болатын. Еңбек жолын Қазақ КСР баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің «Жазушы» баспасында аударма редакцияларының (қазақшадан-орысшаға, орысшадан-қазақшаға) редакторлығынан бастап, белгілі аудармашылар Әбілмәжін Жұмабайұлының, Жаппар Өмірбекұлының (1950-жж. антисоветтік қызметі үшін жазаланған), Фарида Жанұзақованың, Лина Қосмұхамедованың кәсіби, адамгершілік мектептерінен өтті.

1980-жж. Ж. Бекболатұлы Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінде бас редактор, белгілі журналист Мәтен Бижановтың қарамағында тілші, бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінің Баспасөз және ақпарат бөлімінің екінші хатшысы

қызметінде министр, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Михаил Есенәлиевтің, Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы Қазақ ақпарат агентігінің (ҚазТАГ) одақ және шетел хабарлары бас редакциясының аға редакторы қызметінде Агенттік директоры, белгілі әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Ысмағұловтың, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының ғылыми редакторы қызметінде энциклопедияның Бас редакторы, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалиевтің қарамағында жұмыс істеді, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде аға оқытушы болды.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығында (1991-2001 жж.) ол 1991 жылдан бастап Алматы қалалық әкімшілігінің аудармашы-редакторы, бас маманы, «Тұранбанк», «БанкТұранӘлем» АҚ баспасөз хатшысы, баспасөз қызметінің жетекшісі, Алматы облысының әкімі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтің баспасөз хатшысы, бас инспекторы, Алматы облысы Әкімі аппаратының социологиялық зерттеулер және болжау бөлімінің (оның өз бастамасымен құрылған) бас маманы қызметінде қоғамдық, ғылыми-публицистикалық қызметке белсене араласты.

Бүкіл постсоциалистік, посткеңестік кеңістікте өтіп жатқан күрделі әлеуметтік-саяси үдерістер көсемсөзшілер мен қоғамтанушылардан жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу кезеңдері мен бағыттарын ой елегінен өткізіп, талдауды талап етті. Сол кезеңде елдің саяси өміріне зер салған қазақстандық журналистер қатарында Ж. Бекболатұлының мақалалары жалпыреспубликалық және аймақтық мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланды. «Шалқар» радиосында хабарлар топтамасын, республикалық «Халық кеңесі» газетінде «Саяси сипаттама» айдарын жүргізді. «Көн қатса қалыбына: империяның бүгінгі мен ертеңі», «Еуразиялық Одақ: толғамның түйіні неде?», «Ислам және Түркістан», («Халық кеңесі» газеті, 1991-1944 жж.); «Солженицын вернулся: обустроится ли теперь Россия?» («Столица» газеті, 1994); «Не терять ориентиры в информационном пространстве», «Превратится ли лаборатория дружбы в полигон межнациональных конфликтов?» («Вечерняя Алма-Ата» газеті, 1994); «Идеологический суверенитет и информационная независимость

должны стать приоритетной внешнеполитической целью» («Казахстанская правда» газеті, 1995) атты саяси түсініктемелерінде көтерілетін посткеңестік ақиқат түйіндері әлі күнге маңызын жойған жоқ.

1994 жылдың басында, ҚР Сыртқы істер министрлігінде Ақпараттық-талдау басқармасын құру жұмысы басталған кезде дипломатиялық қызмет тәжірибесі бар Ж. Бекболатұлы сарапшы ретінде шақырылады. Оның министрлік басшылығына берген ұсынысы жүйелі де өміршең болғандықтан, келесі, 1995 жылы «Казахстанская правда» газетінің бас редакторы Григорий Дильдяев оны авторлық мақала түрінде жариялауды ұсынады. Сөйтіп басылымда «Идеологический суверенитет и информационная независимость должны стать приоритетной внешнеполитической целью» деген бағдарламалық тақырыппен шыққан «Идеологический суверенитет и информационная независимость должны стать приоритетной внешнеполитической целью» атты мақала жарық көрді. Аталған жарияланымда ұлттық ақпараттық кеңістікті қалыптастыру қажеттілігі алғаш рет негізделіп, Қазақстанның ақпараттық дипломатиясының міндеттері айқын тұжырымдалды. Бұл еңбек елдің сыртқы саяси ой-пікірінің жана бағытының бастау нүктесіне айналды. Қазіргі қазақстандық зерттеушілер дәл осы жарияланымда «ақпараттық дипломатия» ұғымы алғаш рет ғылыми айналымға енгізілгенін, ТМД-дағы ақпараттық үдерістерге талдау жасалып, қазақстандық ақпараттық дипломатияның нақты міндеттері айқындалғанын атап өтеді. Негізінде, бұл мақала Қазақстанның ақпараттық дипломатиясының өзіндік мектебін қалыптастырудың алғашқы адымы болды. Филология ғылымдарының кандидаты Айтмұхамед Есдәулетов 2010 жылғы «Мысль» журналының № 8 санында былай деп жазды: «Ж. Бекболатұлының мақаласында Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікке кірігу жолдары талданып, белгіленген... Бұл уақыт талабына жай ғана үн қату емес, жаһандық медиа сахнасына шығудың стратегиялық жоспары еді».

Өзгермелі әлемдегі мемлекеттің ақпараттық саясаты Ж. Бекболатұлының зерттеушілік назарында болған мәселелер. Ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметтік өрістері оның С. Қозыбаевпен бірлесіп жазған, 1990 жылы «Қазақстан» баспасында жарық көрген «Өмір айнасы» кітабында жан-жақты қарастырылады.

Алматы қалалық әкімшілігінің аудармашы-редакторы және бас маманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрлігінің Алматы қалалық басқармасының бастығы қызметінде Ж. Бекболатұлы басқару органдарында қазақ тілін енгізу әдістемесі бойынша еліміздегі алғашқы семинар-кеңестерді, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасу мәселелері жөнінде симпозиумдар, аудармашы-мамандардың алғашқы қалалық байқауын, қалалық тілдер күнін және Оралхан Бөкеев атындағы көркем сөз оқушылардың республикалық байқауын өткізді.

Қазақ тілінің әлеуметтік-мәдени фактор ретіндегі даму үрдістері, Қазақстандағы және посткеңестік кеңістіктегі тіл тәжірибесі саласындағы өзгерістер сараланатын оның «Языковая политика: реальность, которая мстит?» («Экспресс К» республикалық газеті, 1994), атты проблемалық мақаласы осы кезеңге қатысты.

Ж. Бекболатұлы 1994-жылдан жұртшылықпен байланыс саласында жұмыс істеп, «Тұранбанк» және «БанкТұранӘлем» акционерлік банктерінің баспасөз қызметтерін құрып, басқарды, алғашқы Даму стратегияларының бірін әзірлеуге атсалысты, республикалық «Азия: экономика и жизнь» газетінде «Без стратегии ни «финансовым супермаркетом», ни инвестором не стать» атты мақала жариялады. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері З. Қ. Нұрқаділовтің баспасөз хатшысы бола жүріп, аймақтағы қоғамдық байланыстарды бір қалыпқа келтіруге, Алматы облысының бірыңғай ақпараттық кеңістігі тұжырымдамасын жасауға, Алматы облысы мен Түркіменстанның Ахал вelayатының, Ресей Федерациясының Челябинь облысының бұқаралық ақпарат құралдары арасында шығармашылық байланыстар орнатуға араласты.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Нарық институтын 1996 жылы «Банк ісі» мамандығы бойынша тәмамдағаннан кейін ЖМ ХАА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Айтқали Шоқалиұлы Нұрсейітовтың жетекшілігімен 1999 жылы «Қазақстан банктері арасында бәсекелестікті арттырудағы жарнаманың рөлі» («БанкТұранӘлем» ЖАҚ мысалында) тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын (Астана қаласы) 2002 жылы бітірген соң еңбек қызметін Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде, Бұқаралық ақпарат құралдары департаменті директорының орынбасары және осы министрліктің Алматы қаласы бойынша аумақтық басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасының қаржы нарықтары және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агентігінің баспасөз хатшысы ретінде жалғастырды. 2004-2009 жж. Ж. Бекболатұлы - қазақ тілінің порталын, «Сөзкөмек» қазақ-орыс электронды тілмашын және Қазақстан электронды энциклопедиясын жасау жобаларының үйлестірушісі.

Осы кезеңде ол «Экономика» (Алматы) және «Ана тіл-Ата тарих» (Астана) баспалары шығарған «Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігін», «Орысша-қазақша қаржы сөздігін», «Қазақша-орысша банк сөздігін» (қосымша авторлары академик Ғ. Сейтқасымов, Б. Бейсенғалиев және С. Кәрімжанов), «Қаржы-экономика аталымдарының орысша-қазақша сөздігін» құрастырды. Қазақстанда тұңғыш рет жұртшылықпен байланыс және жарнама жөнінде қазақ тілінде «Жұртшылықпен байланыс», «Жарнама негіздері», «PR және жарнама», «Қоғаммен байланысқа кіріспе», «Жарнама өнері» оқу құралдарын жарыққа шығарды. А. Сандыбаймен және Е. Әзімшайықпен бірге «Ел брендингі» және «Жарнама. Жұртшылықпен байланыс. Брендинг»; академик Ғ. Сейтқасымовпен және С. Кәрімжановпен бірге «Қазақстанның банк жүйесі» (қазақ және орыс тілдерінде) оқу құралдарын өмірге әкелді.

Осы жылдары Ж. Бекболатұлы әдебиетіміздің көрнекті қайраткерлері, Торғай перзенттері Қайнекей Жармағамбетовтің, Тәшібай Әлмұхамбетовтің, Әлмағамбет және Жармағамбет Оспанұлдарының, Файзолла Сатыбалдыұлының, Әбіқай Нұртазаұлының және Ахметқан Әбіқайұлының шығармаларын бастырып, насихаттауға белсене кірісті. Қ. Жармағамбетовтің 2008 жылы әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін басудың мемлекеттік жоспарына енген «Бетпақдала аңызы» өлеңдер жинағын шығаруға; «XX-ғасырдың екінші жартысындағы әдеби процесс және Қайнекей Жармағамбетовтің шығармашылығы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны (Алматы, 2008); «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті және жауынгер ақын Тәшібай

Әлмұхамбетов шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияны (Жезқазған, 2010) өткізуге мұрындық болды.

Республикалық басылымдарда - «Туған тіл» және «Отбасы және денсаулық» журналдарында, «Ислам және өркениет», «Қазақ» газеттерінде ағартушы-ақындар, Қазақстанның көрнекті дінбасылары Әлмағамбет Оспанұлы мен Файзолла Сатыбалдыұлының шығармашылығы туралы мақалалар жариялап, олардың жекелеген шығармаларын бастырды.

Ж. Бекболатұлы 2013 жылы «Арыс» баспасында жарық көрген «Торғай елі» өлкетанушылық энциклопедиясын құрастырып, шығаруға жалпы басшылық жасады. Осы жылы ол отандық тарихтың аса көрнекті өкілі тархан Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы туралы әдеби шығармалар мен мұрағат материалдарының мемлекеттік бағдарлама бойынша басылған «Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы» атты жинағын шығарды («Асыл сөз» баспасы). 2015 жылы оның бастамасымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде Торғай перзенттері, профессор, көрнекті медиазерттеуші, және мәдениеттанушы Марат Барманқұлов пен ақын, Қазақстанның Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының иегері Гафу Қайырбековтің мәдени мұрасы ауқымында «Қазақстан медианарығындағы интеграциялық үдеріс: білім беру-ғылым-өндіріс» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

2016 жылы Ж. Бекболатұлы Торғай ауылында «Между всеми старшинами знатнейший: первый казахский тархан Жанибек Кошқарұлы» атты монографияның тұсаукесерін және Шақшақ Жәнібектің архивтік мұрасына арналған ғылыми конференцияны ұйымдастырды. Іс-шараға аталған еңбектің авторы, тарих ғылымдарының кандидаты, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері И. В. Ерофеева, сондай-ақ жазушы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты К. Салғараұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор С. С. Нұркеев, филология ғылымдарының кандидаты Н. О. Мұқатов қатысты. 2018 және 2023 жылдары Ж. Бекболатұлы Торғай ауылында Шақшақ Жәнібекке, К. Жармағамбетовке, Н. Ахметбековке, Г. Қайырбековке, Б. Хамзинге арналған

республикалық ғылыми-практикалық конференция бастамашыларының бірі болды.

2000-жж. 2-жартысында Ж. Бекболатұлы қоғамдағы, экономикадағы, әлеуметтік жүйелердегі ақпараттық үдерістерді басқару мәселелері бойынша «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер» атты ортақ атаумен өткізілетін ғылыми-тәжірибелік конференцияларға негіз қалады, оның алғашқысы. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналып 2006 жылы Астанада Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер: менеджмент және маркетинг» деген атаумен өткізілді.

Сол кезеңнен бастап «Қазақ газеттері» ЖШС мен оның басшысы, бас директоры, редакторлар кеңесінің төрағасы Ж. О. Кенжалиннің тікелей қатысуымен осындай тағы да 4 конференция өткізілді. 2010 жылы «Қазақ газеттері» ЖШС құрылуының 10 жылдығына арналып «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: PR, БАҚ менеджменті мен маркетингі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. 2011 жылы 2 конференция: республикалық «Мысль» қоғамдық-саяси журналының 90 жылдығына арналған «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: Қазақстанның қоғамдық-саяси баспасөзінің қалыптасып, дамуы» атты және Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен республикалық «Ақиқат» қоғамдық-саяси журналының 90 жылдығына арналған «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: тәуелсіздікті нығайтудағы БАҚ рөлі» атты конференциялар өтті. 2014 жылы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның құрылғанына 15 жыл толуына арналған «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: замана талабы мен талғамы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Мемлекеттік және қаржылық ұйымдарда ұзақ жылдар бойы белсенді жұмыс істей жүріп, Ж. Бекболатұлы баспасөз қызметтері мен PR департаменттерінің жұмыс істеу тәжірибесін «Қазақстандағы жұртшылықпен байланыс: теория және тәжірибе» (Астана, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, 2009) және «Мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардың баспасөз қызметтері мен PR-құрылымдары қызметінің өзекті мәселелері» (Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011) атты

өткізуге өзі мұрындық болған ғылыми-практикалық конференцияларда қорытып, тұжырымдады.

2015 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде Ж. Бекболатұлы Елбасымыздың тұңғыш баспасөз хатшысы, белгілі ақын әрі қоғам қайраткері Ербол Шәймерденұлын еске түсіруге арналған «Ел имиджін қалыптастыру ерекшеліктері: хандықтан қазіргі заманғы мемлекетке дейінгі қазақстандық жол» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізді, конференцияның «Ербол Шәймерденұлы Қазақстанның мемлекеттік PR-ның бастауында» атты жеке секциясында Е. Шәймерденұлының «отандық» PR-ды дамытуға қосқан үлесі ой елегінен өткізілді. Конференция ауқымында баспасөз қызметі мен имиджейкерліктің теориясы мен тәжірибесін дамыту саласында Е. Шәймерденұлына арналған студенттік PR-жобалар мен мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстарының «Қауырсын қалам» атты байқауы ұйымдастырылды.

Ол сондай-ақ 2021 жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Ж. Кенжалиннің рухына арналған «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: БАҚ менеджменті мен маркетингі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастырудың бастамашысы болды.

Профессор Ж. Бекболатұлы ұдайы ізденіс үстінде. Ол Қазақстанның Ф. Бәйімбетов, Ә. Ыдырысов, С. Қозыбаев, С. Әшімбаев сынды көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлері хақындағы «Өнегелі өмір» кітаптар сериясына енген очерктердің авторы («Қазақ университеті» баспасы). Оның ислам экономикасы туралы «Отбасы және денсаулық» журналында жарияланған «Ислам экономикасы туралы не білеміз?», «Ислам банкі туралы» және республикалық «Экономика» газетінде жарияланған «Ислам журналистикасы туралы не білеміз?» атты ғылыми-танымдық мақалалары оқырман ықыласына бөленді. «Ислам және өркениет» газетінде ислам банкингі жөнінде жарық көрген материалдар топтамасы үшін ол 2011 жылы «Самұрық-Қазына» қорының ислам экономикасы бойынша үздік журналистік туындыларға жарияланған байқауының бас жүлдесін иемденді. Сол жылы Ж. Бекболатұлы «Қазақ википедиясы» электрондық энциклопедиясына арналып жазылған ең үздік мақалалар үшін жарияланған «ВикиБілім» қорының да жүлдегері болды.

Республикалық «Экономика» және «Tenge Monitor» газетінің ақылдастар алқасының мүшесі ретінде Ж. Бекболатұлы әлемде және елімізде болып жатқан маңызды оқиғаларға жедел үн қатып отырады. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Польша Республикасының Познань қаласындағы Адам Мицкевич атындағы университетте бір жылдық ғылыми тағылымдамадан өткен кезінде ол «Экономика» газетінің атынан Польшаның Сыртқы істер министрлігінде шетелдік журналист ретінде тіркеуден өтіп, Еуропалық Одақ саясаты, кәрі құрлық елдері мен Қазақстан арасындағы гуманитарлық байланыстар туралы материалдар топтамасын жариялады, Польша-Қазақстан Сауда-Өнеркәсіп Палатасының «Raport gospodarczy» («Экономикалық бюллетень») журналының жұмысшы тобының мүшесі болды. Қазақ тілінде «Познань университеті» атты, поляк және орыс тілдерінде субтитрлары бар оқу фильмін түсірді. Тағылымдамадан өту барысында Польшаның Познань, Торунь және Слубице сияқты университеттік қалаларында өткен халықаралық конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады. Бір жылдық іссапар нәтижесі бойынша «Қазіргі заманғы баспасөз қызметі» атты оқу құралын жарыққа шығарды.

Қазақстан жұртшылықпен байланыс мамандарының кәсіби қауымдастығы – «PR-шы Клубының» мүшесі ретінде Ж. Бекболатұлы жұртшылықпен байланыс мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен коммерциялық құрылымдарда жиі болып, аймақтық семинарлар өткізеді, конкурстық комиссиялар жұмысына қатысып отырады, ол PR бойынша берілетін «Ақ мерген» атты қазақстандық ұлттық сыйлықтың қазылар алқасының мүшесі, бұл сыйлықтың атауын да кезінде Ж. Бекболатұлы ұсынған болатын. Оның тікелей қатысуымен 2015 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жұртшылықпен байланыс және жарнама бойынша студенттік жұмыстардың «Бозқараған» («Сиреневый прорыв») атты республикалық байқауы өткізілді.

Ж. Бекболатұлы республикалық ғылыми-көпшілік «Терминология және аударма» – «Terminology and Translation» журналының редакциялық кеңесінің, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «ҚазҰУ хабаршысы» (журналистика сериясы) журналының, республикалық «Экономика» («Tenge Monitor») газетінің редакциялық алқасының мүшесі болып, олардың

редакциялық жұмысына белсене қатысқан. Қазіргі уақытта ол республикалық қоғамдық-саяси «Мысль» журналының белсенді авторы және редакциялық кеңесінің мүшесі. Білім беру мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызмет саласында қол жеткізген жетістіктері үшін оның еңбегі Білім және ғылым министрлігінің, сондай-ақ Мәдениет министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мерейтойлық марапаттарымен және мадақтарымен атап өтілді.

Алматы қалалық «Қазақстан Дипломаттары Қауымдастығы» РҚБ-нің мүшесі ретінде профессор Ж. Бекболатұлы шетелдік, әсіресе польшалық ғалымдарымен белсенді байланыс орнатып, олардың Қазақстанға келуіне бастамашы болды. Польшадағы жетекші университеттермен – Варшава, А. Мицкевич атындағы Познань, Н. Коперник атындағы Торунь және Вармия-Мазур университеттерімен – ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Дәріс оқу үшін Варшава университетінен Владимир Гоголек, Торунь университетінен профессорлар Роман Беккер мен Ивона Масака, Познань университетінен саясаттану және журналистика факультетінің деканы профессор Тадеуш Валлас пен профессор Шимон Оссовский және басқа да ғалымдар шақырылды.

Олардың қатарында Олыштындағы Вармия-Мазур университетінің профессоры, 2017–2023 жылдары Польша Республикасының Қазақстан мен Қырғызстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқарған поляк татары Селим Хазбиевич те бар. Профессор Ж. Бекболатұлының қатысуымен «Айқап», «Простор» журналдарында және ҚазҰУ-дың «Хабаршыларында» С. Хазбиевичтің бірнеше мақаласы жарияланды. 2023 жылы «Қазақ университеті» баспасынан поляк профессорының «Польша–Литва татарлары — Алтын Орда мирасқорлары» атты кітабы бес тілде жарық көрді. Еңбекке ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор, профессор Жансейт Түймебаев алғы сөз жазды. Сол жылы Ж. Бекболатұлы әріптесі туралы «Қазақстанская правда» газетінде жарық көрген «Певец Еуразии» атты мақала жариялап, ол оқырман тарапынан жылы қабылданды.

2023 жылы «Дарын» баспасынан профессор Ж. Бекболатұлының Польша Республикасының 105 жылдығына арналған «Размышления о польско-казахском братстве» атты

очерктер кітабы шықты. Осы кітап негізінде 2024 жылдың сәуірінде Польша–Қазақстан, Қазақстан–Польша Халықаралық ғылыми кеңесінің бастамасымен «Поляк–қазақ бауырластығы: тарих–қазіргі заман–болашақ» атты халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды. Конференцияға Польша Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы профессор Юзеф Тымановский, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Зиябек Қабылдинов, сондай-ақ поляк профессорлары Кинга Махович, Хенрик Янковский, Альбин Гловацки және олардың қазақстандық әріптестері қатысты.

Польша мен Қазақстан халықтары арасындағы достықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Жетпісбай Бекболатұлы 2024 жылы Польша Республикасының Сыртқы істер министрлігі тағайындаған «Vene Merito» медалімен марапатталды. Марапатты оған министр Радослав Сикорский табыс етті. Бұл награда оның еңбегінің жоғары деңгейде мойындалғанының айқын дәлелі болды.

Профессор Ж. Бекболатұлы ақпараттық ғылымның теоретигі ғана емес, іс-тәжірибесінің де шебері. Ол облыстық газеттегі бөлім меңгерушісінен бастап ақпараттық дипломатия саласындағы жетекші сарапшылардың біріне дейінгі жолдан өтті. Оның бүкіл қызметі ел ішінде де, әлемде де Қазақстанның беделі мен абыройын арттыруға бағытталды. Ол журналистика және халықаралық қатынастар саласында бүтін бір буынды тәрбиелеп, оларға ең басты құндылық – сөзге, елге, оның болашағына деген жауапкершілікті дарытты. Сондай-ақ ол экономикалық журналистика бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі хрестоматиялық мақалалардың авторы. 2023 жылы ұлттық валютаның 30 жылдығына арналған «Возвращение тенге» атты кітабы жарық көрді. Осылайша, оның кітаптары мен ғылыми еңбектері студенттер мен мамандар үшін күнделікті оқу құралына айналды.

Профессор Ж. Бекболатұлының мықты да сенімді тірегі – оның тату шаңырағы. Зайыбы Таяна Ернарқызы Бекболатова – тәжірибелі педагог, Алматы қаласының мектептерінде ағылшын тілінен сабақ берген, бүгінде – зейнеткер. Ұлы Бейбітғали Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің басқару жүйелерін автоматтандыру факультетін мекатроника және робототехника мамандығы бойынша бітірген, қазіргі уақытта –

табысты кәсіпкер. Келіні Фариза – Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының іскери әкімшілік факультетінің қаржы мамандығы бойынша түлегі, еліміздегі шетелдік қатысумен құрылған бірқатар бірлескен кәсіпорындарда қызмет атқарған. Кіші ұлы Алихан – Әлем тілдері университетінің аударма факультетін «қытай тілі» мамандығы бойынша тәмамдаған, қазіргі кезде өзінің жеке кәсіпкерлік жобаларын дамытуда. Немересі Іңкәр Астанадағы Қадыр Мырза Әли атындағы BINOM мектебінің төртінші сыныбында оқиды, үлгерімі үздік. Немерелері Айым келесі жылдың қаңтарында алты жасқа, Мейір болса биылғы желтоқсанда үш жасқа толады.

КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА ЖЕТПИСБАЙ БЕКБОЛАТУЛЫ

Жетписбай Бекболатулы родился 15 сентября 1955 г. в Джангельдинском районе Костанайской (бывшей Торгайской) области.

В 1963 г. Ж. Бекболатулы – ученик начальной школы в ауле Сага, где в свое время обучались грамоте духовный вождь казахского народа, поэт-просветитель, журналист Миржакуп Дулатов, ректор Казахского государственного университета им. С. М. Кирова в 1953-1955, 1961-1970 гг., выпускник механико-математического факультета Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова 1937 г., профессор Аскар Закарин, физик с мировым именем, академик Фазылхан Баймбетов, оперный певец, народный артист Казахской ССР Абай Байтугаев. Первая мусульманская начальная школа здесь, а также в ауле Тосын, была основана в первой половине XVIII века, когда выдающийся военачальник, государственный деятель и просветитель Шакшак Жанибек Кошкарулы, пригласив из Бухары выпускников медресе, заложил фундамент народного просвещения в Торгайских степях.

В 1973 г. Ж. Бекболатулы окончил с золотой медалью среднюю школу имени А. Джангельдина и поступил на факультет журналистики Казахского государственного университета им. С. М. Кирова. В 1976 г. он был переведен на факультет журналистики Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова, который успешно окончил в 1979 г. Руководителем его дипломной работы по кафедре литературной критики был замечательный литературовед Валентин Дмитриевич Оскоцкий, один из лидеров демократического движения постсоветской России. Трудовой путь начал редактором редакций перевода с казахского на русский и с русского на казахский издательства «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, где прошел профессиональную, нравственную школу известных переводчиков Абилямажина Жумабайулы, Жаппара Омирбекулы (поэта-переводчика,

осужденного в 1950-е г. за антисоветскую деятельность), Фариды Жанузаковой, Лины Космухамедовой.

В 1980-е годы Ж. Бекболатулы работает корреспондентом, заведующим отделом областной газеты «Торғай таңы», где главным редактором был известный журналист Матен Бижанов, вторым секретарем отдела печати и информации Министерства иностранных дел Казахской ССР под руководством министра, видного государственного и общественного деятеля Михаила Исиналиева, старшим редактором главной редакции союзной и иностранной информации Информационного агентства при Совете министров Казахской ССР (КазТАГ), под руководством директора агентства, известного литературоведа, доктора филологических наук, профессора Жумагали Исмагулова, научным редактором издательства «Қазақ энциклопедиясы», под руководством главного редактора энциклопедии, академика, доктора филологических наук, профессора Рымгали Нургалиева, старшим преподавателем факультета журналистики Казахского госуниверситета им. С. М. Кирова.

В первое десятилетие независимости Казахстана (1991-2001 годы) активно вовлекается в общественную, научно-публицистическую деятельность, работая с 1991 года редактором-переводчиком, главным специалистом Алматинской городской администрации, пресс-секретарем, руководителем пресс-службы АО «Туранбанк», «БанкТуранАлем», пресс-секретарем, главным инспектором акима Алматинской области, видного общественного деятеля Заманбека Нуркадилова, главным специалистом отдела социологических исследований и прогнозирования аппарата акима Алматинской области, созданного по предложению Ж. Бекболатулы.

Сложные социально-политические процессы, происходившиеся во всем постсоциалистическом, постсоветском пространстве, потребовали от публицистов и обществоведов осмысления и анализа этапов становления и направлений развития новых независимых государств. В числе казахстанских журналистов, освещавших в тот период актуальные вопросы политической жизни страны, Ж. Бекболатулы часто публикуется на страницах общереспубликанской и региональной периодической печати. Выступает на радио «Шалкар» с серией передач, а в

республиканской газете «Халық кеңесі» ведет рубрику «Саяси сипаттама» («Политическое обозрение»). Проблемы постсоветских реалий, поднимаемые в политических комментариях «Көн қатса қалыбына: империяның бүгін мен ертеңі» («Возвращение на круги своя: современность и будущее империи»), «Еуразиялық Одақ: толғамның түйіні неде?» («Евразийский Союз: в чем загвоздка консолидации?»), «Түркістандағы ислам» («Ислам в Туркестане»). (газета «Халық кеңесі», 1991-1944 г.); «Солженицын вернулся: обустроится ли теперь Россия?» (газета «Столица»); «Не терять ориентиры в информационном пространстве», «Превратится ли лаборатория дружбы в полигон межнациональных конфликтов?» (газета «Вечерняя Алма-Ата», 1994 г.); «Идеологический суверенитет и информационная независимость должны стать приоритетной внешнеполитической целью» (газета «Казахстанская правда», 1995 г.), актуальны по сей день.

В начале 1994 года, когда в Министерстве иностранных дел Казахстана началась работа по созданию Информационно-аналитического управления, имеющего опыт дипломатической работы Ж. Бекболатулы приглашают в качестве эксперта. Его предложения оказались настолько системными и дальновидными, что уже в следующем, 1995 году, главный редактор «Казахстанской правды» Григорий Дильдяев предложил опубликовать их в виде авторской статьи. Так появилась публикация с программным названием: «Идеологический суверенитет и информационная независимость должны стать приоритетной внешнеполитической целью». В ней впервые были обоснованы необходимость формирования национального информационного пространства и четко сформулированы задачи информационной дипломатии Казахстана. Этот труд стал отправной точкой для нового направления внешнеполитической мысли страны. Современные казахстанские исследователи отмечают, что именно в этой публикации впервые в научный оборот было введено понятие «информационная дипломатия», проведен анализ информационных процессов в СНГ и сформулированы конкретные задачи казахстанской инфодипломатии. По сути, статья стала отправной точкой для формирования собственной казахстанской школы информационной дипломатии. Кандидат филологических наук Айтмухамед Есдаулетов в № 8 журнала «Мысль» за 2010 год писал:

«В статье Ж. Бекболатулы проанализированы и начерчены пути вхождения Казахстана в мировое информационное пространство... Это был не просто отклик на вызовы времени, а стратегический план выхода на глобальную медийную арену».

Информационная политика государства в изменяющемся мире – в фокусе исследовательских интересов Ж. Бекболатулы. Тенденции функционирования национальных средств массовой информации рассмотрены в его книге «Өмір айнасы» («Зеркало жизни»), совместно с профессором С. К. Козыбаевым), выпущенной в издательстве «Казахстан» в 1990 г.

